

**Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 97 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 8 ақпандағы  
№ 97 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары**

**Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1781 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**1. Миссиясы мен пайымдауы**

Миссиясы. Бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу, жосықсыз бәсекеге жол бермеу арқылы нарық субъектілері мен тұтынушылардың әл-ауқатын арттыру.

Пайымдауы. Адал бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға бағытталған бәсекелестікті қорғаудың тиімді жүйесі.

**2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларындағы (аясындағы) даму үрдістерін талдау**

# **1-стратегиялық бағыт. 1. «Қазақстан Республикасында бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік органдарды үйлестіру»**

## **1.1. Реттелетін салалар немесе қызмет аясы дамуының негізгі параметрлері**

Бәсекелестікті қорғау, дамыту және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіру жөніндегі функцияларды іске асыруда тауар нарықтарына талдау жүргізілуде. 2010 жылдан бастап 2012 жылғы қыркүйек аралығы кезеңінде 239 тауар тобы бойынша 101 талдау жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғауға және дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар жіберіледі. Мысалы, авиатасымалдау нарығында 2012 жылғы шілдеге дейін нақты маршруттары бар рейстер мен авиакомпаниялардың саны конкурс өткізу арқылы заңды түрде айқындалды. Бәсекелестікті дамыту мақсатында ішкі авиамаршруттарға конкурстардың күшін жою және ішкі авиажелілерде отандық компаниялар арасында авиамаршруттарды бөлген кезде «бір маршрут – бірнеше тасымалдаушы» қағидаттарын сақтау туралы ұсыныстар жіберілді. Нәтижесінде заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді және конкурстардың күші жойылды. Қазір маршруттарда екі-үш тасымалдаушы жұмыс істеуде (Алматы-Астана маршрутында «SCAT» авиакомпаниясы) АҚ, «Эйр Астана» АҚ және «BEK AIR» АҚ бар, бұл ретте билеттің ең төмен құны бір бағытқа 15000 теңге).

Экономиканың индустриалдық-инновациялық дамуы үшін инвестициялық тартымды климат құру қажет. Алайда, бүгінде Қазақстандағы барлық дерлік инфрақұрылымдық қызмет табиғи монополия саласына (темір жол көлігі, электр және жылу энергетикасы, газ саласындағы, мұнай өнімдерін өндіру, мұнай тасымалдау, азаматтық авиация, порттық қызмет, телекоммуникация және почта байланысы) жатқызылды, бұл инвестициялық тартымдылықты төмендетеді. Осыған байланысты 2011 жылдан бастап Агенттік табиғи монополия саласындағы қызметтерді қысқарту бойынша жұмысты бастады. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы № 155 қаулысымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінен бірінші кезеңмен Интерконнект қызметі шығарылды. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ақпаратына сәйкес Интерконнект қызметі жуық арада екінші кезеңмен шығарылатын болады.

Бәсекелестікті дамыту үшін кәсіпкерлік қызметте мемлекеттің қатысуының негізсіз үлесін азайту маңыздылардың бірі болып табылады. «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 77 және 78-баптарын іске асыруда мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың одан әрі жүргізетін қызметіне 4 818 қолдау хат қаралды, олардың 441-інен бас тартылды. Сондай-ақ 818 субъектіге қызметтің жекелеген түрлерін жарғылардан алып тастап,

оларды бәсекелес ортаға беруді тапсырылды. Қазіргі уақытта негізсіз мемлекеттік қатысуды қысқарту бойынша жұмысты Агенттік Заңның 31-бабына сәйкес жүргізуде. Бұдан басқа, 2012 жылғы 17 шілдеде «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды, соған сәйкес бәсекелес ортаға 24 қызметтің 4 түрі берілді.

Қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастыруға монополияға қарсы заңнама нормаларын сақтау тұрғысынан мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерін анықтау арқылы қол жеткізіледі. 2010 – 2012 жылдарда орталық және жергілікті атқарушы органдарға қатысты жүргізілген тергеулер саны 52-ні құрады. Бұл ретте, 14 лауазымдық тұлға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 147-4-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке т а р т ы л д ы .

Осылайша, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында адал бәсекелестіктің артықшылықтары туралы қоғамдық іс-шараларды өткізу және материалдарды жариялау арқылы ақпараттық жағдай қалыптасады. 3 жыл ішінде барлығы 814 қоғамдық іс-шара өткізілді, 1164 ақпараттық материал жарияланды . Нәтижесінде экономикалық тиімділік және экономикалық даму тұрғысынан бәсекелестіктің мәнін үздік түсінуді қамтамасыз ету үрдісі орын алады.

## **1.2. Негізгі проблемаларды талдау**

Жүргізілген талдаулар нәтижелері темір жол көлігі, телекоммуникация, отын-энергетикалық кешен салаларындағы көптеген тауар нарықтары экономика құраушы болып табылатынын, ішінара немесе толықтай монополияланған болып табылатынын көрсетті. Бұл бәсекелестікті дамыту жөнінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қабылдаған шараларының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Біріншіден, қазіргі уақытта қолданыстағы салалық бағдарламаларда саланың монополиясыздануына, бәсекелестіктің дамуына бағытталған нақты көрсеткіштер жоқ.

Екіншіден, көптеген аумақты дамыту бағдарламаларында бәсекелестікті дамыту проблемалары көрініс таппайды. Салалық бағдарламаларда және аумақты дамыту бағдарламаларында ұсынылған шаралар көп жағдайда қазақстандық тауар өндірушілердің өнімдерін ішкі нарықта жылжытуға, тауар ассортиментін жақсартуға, өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азық-түлік нарықтарында бағаны тұрақтандыруға бағытталған. Осыған орай, бұл мемлекеттік органдардың «салада бәсекелестікті дамыту» және «саланы дамыту» ұғымдары арасындағы айырмашылықты түсінбеуіне байланысты. Сонымен қатар, экономика салаларында, оның ішінде өңірлік деңгейде бәсекелестікті дамыту бұл тиісті жағдайларды құру арқылы жаңа ойыншыларды тарту болып табылады.

Үшіншіден, жабдықтардың ескіргендігі, моральдық тұрғыдан тозған технологиялар, бағаны мемлекеттік реттеу, тарату желілерінің дамымағандығы негізгі тауар нарықтарында бәсекелестіктің дамымауының басты себептері болып табылады. Көп

жылдар аралығында мұндай жағдайдың сақталуы көп жағдайда тарифтерді көтеру нәтижесінде алынған, қуаттарды жаңғыртуға көзделген табиғи монополиялар субъектілерінің қаражатын мақсатты пайдалануға бақылаудың әлсіздігіне байланысты. Осылайша, электр энергиясының көтерме нарығына талдау жүргізілді, оның нәтижесі бойынша Агенттік энергия өндіруші ұйымдарға қатысты табиғи монополияларды реттеу бойынша Бас прокуратурамен, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен бірлесіп тексеру жүргізуге бастамашылық етті. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша жекелеген компаниялар тарифтерді көтеру нәтижесінде алынған қаржы қаражаты көлемінің көп бөлігін құрылтайшыларға дивидендтер төлеуге негізсіз жібереді (2,7 миллиард теңге кірістен инвестицияға бар болғаны 24, 9 млн. теңге жіберілді, қалғаны акционерлерге дивидендтер төлеуге бағытталды). Кейбір электр станциялары тарифтерге электр энергиясын өндірумен байланысты емес шығыстарды қосады: мерекелік мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу, директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы, әртүрлі мүшелік жарналар төлеу. Бұдан басқа, жекелеген электр станцияларының тарифтерді көтеру нәтижесінде алынған ақшалай қаражатты банктердегі депозиттерде сақтайтыны байқалып отыр.

Төртіншіден, бәсекелестік жай-күйіне сондай-ақ сол немесе өзге де нарықта жұмыс істейтін субъектілердің аффилиирленгендігі әсер етуде. Мысалы, ұялы байланыс қызметін көрсету нарығында нарық субъектілерінің аффилиирленгендігі өз араларында «Қазақтелеком» АҚ арқылы байқалады. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ темір жол саласында бұрынғысынша құрамына тасымалдау үрдісінің негізгі компоненттері кіретін холдингтік құрылым болып отыр. Сондықтан, табиғи монополия саласының қызметтер тізбесін қысқарту бәсекелестікті дамыту бойынша пәрменді шара болып табылады. Алайда негізгі проблема реттеуші, салалық мемлекеттік органдардың басқа нарық субъектілері жүзеге асыра алатын қызметтерді бәсекелес ортаға беруге құлықтарының болмауы болып табылады. Сонымен қатар, тарифтерді белгілеу бөлігінде мемлекеттің қатысуы тұтынушылардың құқықтарына әсер ететін фактор бола алады. Мысалы, талдау нәтижелері қоңыраулардың орташа құны уәкілетті орган белгілегеннен төмен екендігін көрсетті. Ұялы байланыс операторлары желілерінің ішінде баға 18 тг/мин. орнына 11 тг/мин. шегінде, қалалық нөмірлерде 22 тг/мин. орнына 17-18 тг/мин. шегінде ауытқуда, басқа ұялы байланыс операторларының желілерінде қоңырауларға тариф орташа 35 тг/мин орнына 20 тг/мин. құрайды.

Бесіншіден, квазимемлекеттік секторды бәсекелес ортаға беру үрдісі де бірқатар проблемалық мәселелерге байланысты. Бұл – мемлекеттік активтердің тартымсыздығы, кәсіпорындарды асыра бағалау және олардың шығындылығы. Осыған орай, акцияларды, қатысу үлестерін өткізу бойынша сауда-саттық өткізілмеген болып танылады. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында өткізілген 7 аукционның екі акционында ғана мемлекеттік үлес өткізілді. Қалған жағдайларда өтінімдер берілген

жоқ, осыған орай, сауда-саттық неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылды. Сондай-ақ салықтық тексеру жүргізу, есеп шотты жабу, тарату теңгерімін келісу және мүлкті беру нәтижесі бойынша болатын кәсіпорындарды жою ресімінің ұзақтығын ескеру қ а ж е т .

Алтыншыдан, елде бәсекелестіктің жалпы жай-күйі мемлекеттік органдар өкілдерінің арасында монополияға қарсы заңнама нормаларын жете түсінбеу орын алғанын көрсетеді. Соның салдарынан монополияға қарсы заңнамаға қайшы келетін және ел экономикасына келеңсіз әсер ететін теріс шаралар мен шешімдер қабылданады . Көп жағдайда бұл қазақстандық жоғары оқу орындарында монополияға қарсы реттеу мәселелері бойынша арнайы пәннің болмауына байланысты. Қазіргі кезде оқу бағдарламаларына «Бәсекелестік құқық» міндетті пәнін енгізу, сондай-ақ Қазақстанның жетекші ЖОО-ларда монополияға қарсы реттеу саласындағы мамандарды дайындау бойынша базалық кафедралар құру мәселесі қаралуда. Бұдан басқа, Басым мамандықтар (магистратура) тізбесіне «Болашақ» халықаралық стипендиясының аясында оқыту үшін «Бәсекелестік құқық», «Бәсекелестік саясат және экономика» бағыттары бойынша мамандандыруды енгізу мүмкіндігін қарау ұсынылды.

### **1.3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау**

Кәсіпорындар қызметіне әсер ететін негізгі ішкі факторларға, сондай-ақ бәсекелестікті дамытуға жалпы мыналарды: әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жатқызуға болады. Әкімшілік сипаттағы факторларға мемлекеттік органдардың экономикалық үрдістерге негізсіз араласуы жатады. Экономикалық фактор өзіне кредиттік, еңбек ресурстарының қолжетімділігін, кәсіпкерлікке және т.б. инновациялық технологияларды қолдануды қамтиды. Әлеуметтік факторларға кәсіпкерлік белсенділікті жатқызуға болады, ол шығарылған өнімнің сапасын жақсартудан, оның ассортиментін кеңейтуден, жарнамалық, маркетингтік акцияларды өткізуден, яғни өз өнімін жылжытуда белсенділігінен көрінеді. Ақыр соңында, негізгі құралдарға (үй-жайларды, жабдықтарды жалға алу) қолжетімділік, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне кемсітусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бәсекелестіктің даму дәрежесіне әсер ететін инфрақұрылымдық факторларға жатады.

Қазақстанның Кедендік одаққа кіруі отандық кәсіпкерлердің Кедендік одаққа қатысушы елдердің кәсіпкерлерімен бәсекелесу қабілетіне әсер ететін негізгі сыртқы фактор болып табылады. Бұл ретте, бәсекелес ортаның дамымаған жай-күйі ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінен көрінеді. Неғұрлым дамыған ортаға және өз елінің инфрақұрылымына қолжетімділігі бар шетел ойыншылары, оның ішінде қаржылық, жекелеген нарықтарда қазақстандық компаниялармен салыстырғанда, бәсекелестік артықшылықтарға ие. Қазақстан үшін Кедендік одақта жұмыс істеу, әсіресе, Белоруссия және Ресей инфрақұрылымына кемсітусіз қолжетімділікті белгілеу, үшінші елден импортты қысқарту болып табылады

. Және маңыздысы – бизнес-құрылымның дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Осыған байланысты әзірленген келісімдер рөлінің бағасы жоғары. Мысалы, Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім; Баға белгілеу және тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополия қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету туралы келісім. Сондай-ақ Мұнай және мұнай өнімдерінің және т.б. жалпы нарықтарын ұйымдастыру, басқару, оның жұмыс істеу және даму тәртібі туралы келісім. Көрсетілген келісімдердің негізгі қағидаттары нормаларды, стандарттарды бірдейлендіру, сондай-ақ заңнаманы және қағидаларды үйлестіру болып табылады. Осыған байланысты, бірыңғай қағидаттармен бірыңғай бәсекелестік саясатты қалыптастыру бүгінгі күні аса өзекті. Бүгінде, Кедендік одақ режимінде жұмыс кезеңінде Тараптар сыртқы бәсекелестіктен ішкі нарықтың протекционизмі үшін алғышарт тудырмауы тиіс, бұл біздің ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуды едәуір тежейді. Басты міндет - бұл бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай туғызу болып табылады. Осындай тосқауылдарды анықтау және жою үшін мемлекет пен бизнес арасындағы тиімді ынтымақтастықты реттеу аса маңызды, бұл шоғырландырылған шешім қабылдауға және Кедендік одақ елдері арасында сауда-саттықтың барынша икемді тетігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## **2-стратегиялық бағыт. «Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу»**

### **2.1. Реттелетін салалар мен қызмет аялары дамуының негізгі параметрлері**

Монополияға қарсы саясатты іске асырудың негізгі бағыттары монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу болып табылады. 2010-2012 жылдар кезеңінде анықталған бұзушылықтармен 320 тергеу жүргізілді, оның ішінде 478 нарық субъектісіне және 52 мемлекеттік органға қатысты. Аяқталған тергеулердің жалпы санынан анықталған бұзушылықтың құрылымы мынадай үлгіде көрінеді: ОӘК нарығы – 2010 жылы 22%, 2011 ж. – 38%, 2012 ж. – 26,1%; өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы 2010 жылы – 31%, 2011 ж. – 25%, 2012 ж. – 15,1%; байланыс 2010 жылы – 11 %, 2011 ж. – 5%, 2012 ж. – 4,2%; қаржы нарықтары 2010 жылы – 7%, 2011 ж. – 2%, 2012 ж. – 4,2%; өзге де нарықтар – 2010 жылы – 15%, 2011 ж. – 17 %, 2012 ж. – 28,6 %.

Мысалы, 2012 жылы мобильдік операторларға қатысты тергеу жүргізілді, оның нәтижесінде бюджетке «Кар-Тел» ЖШС-дан (Beeline) роуминг қызметіне қосылу үшін шекті мәндерді белгілеу арқылы үстем жағдайды теріс пайдаланғаны үшін 155 млн. теңге мөлшерінде айыппұл түсті. Осыған байланысты, сондай-ақ ұялы байланыс нарығында Tele2 швед компаниясы сияқты жаңа ойыншының пайда болуы нәтижесінде байланыс қызметтеріне тарифтер төмендеді. Оның ішінде Агенттіктің ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ішкі желілерге қосылу бойынша ұялы байланыс қызметтерін тарифтеу қадамын төмендетті, басқа операторлар желілерінде 10 секундтан бастап 1 секундқа дейін, халықаралық бағыт бойынша 60-тан 30 секундқа дейін, роумингке қосылу үшін шекті мәннің сомасы (12000 және 15 000 теңгеден 2 АЕК-ге дейін), Интернет желісіне бастапқы

қолжетімділік қызметіне тарифтер 2 есеге төмендетілді.

3 жылда бюджетке түсімнің барлық сомасы 1 460 млн.теңгеден астамды құрады. Агенттіктің қатысуымен монополияға қарсы заңнама мәселелері бойынша 600 сот талқылаулары болды. Олардың ішінде 198 жағдайларда монополияға қарсы органның п а й д а с ы н а ш е ш і л д і .

Тауар нарығындағы жағдайды жедел бақылау, атап айтқанда, бір қолда нарық билігінің шамадан тыс шоғырлануының алдын алу, нарықта компаниялардың үстем (монополиялық) жағдайларын күшейту және бәсекелестікті шектеу экономикалық шоғырлануды мемлекеттік бақылауға ықпал етеді. Экономикалық шоғырлану арқылы нарық субъектілері жүзеге асыратын нарықтардың монополиялануы белгілі бір жағдайларда бәсекелестіктің әлсіреуіне және еркін нарықтық қатынастарды дамытуды бәсеңдетуге әкеп соғуға қабілетті. Экономикалық шоғырлану ең бастысы қосылу, сатып алу және бірлескен басшылық сияқты бақылауды сатып алудың басқа да шаралары арқылы жүзеге асырылады және монополияға қарсы органның келісімімен жүзеге асырылады. Сонымен, Агенттікте 2010 жылдан бастап 2012 жылғы қыркүйек аралығы кезеңінде экономикалық шоғырлануға 900-ден астам қолдаухат қаралды, оның ішінде үш қолдаухат бойынша бас тартылды, өйткені аталған мәмілелер сатып алушының үстем жағдайын күшейтуге әкеп соғады.

Сонымен бірге, бизнеске әкімшілік қысымды төмендету, сондай-ақ монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру және үйлестіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Заң жобасында монополияға қарсы органмен экономикалық шоғырлануды келісу рәсімін оңайлату бойынша мынадай т ү з е т у л е р к ө з д е л г е н :

1. хабарлау сипатына көшіру 1) нарық субъектісінің басқа субъектіге нұсқаулар беруге мүмкіндік беретін құқықтар алуы және 2) жеке тұлғалардың екі және одан да көп нарық субъектілерінің басқару органдарына қатысуы;

2. мәмілені экономикалық шоғырлану деп тану үшін активтердің жиынтық баланстық құнын немесе тауар өткізудің жиынтық көлемінің мөлшерін ұлғайту. Бүгінде бұл көрсеткіш 2 млн. АЕК-ті немесе 3,2 млрд. теңгені құрайды, бұл ретте 5 есе - 10 млн. АЕК - 16,1 млрд. теңгеге ұлғайту ұсынылады.

## **2.2. Негізгі проблемаларды талдау**

Агенттіктің негізгі қызметін іске асырумен байланысты проблемаларды талдау м ы н а н ы а н ы қ т а д ы .

Біріншіден, бұрынғысынша монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтардың көп саны сақталып отыр, бұл экономикалық өсімді тежеу, инфляция қарқынына теріс ықпал ету және кірістерді бөлу теңсіздігінің арту себептерінің бірі болуы мүмкін. Практика көрсеткендей, заңнамада көзделген мінез-құлық ережесіне қатысты кәсіпкерлерді хабардар ету төмендігі монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық санын

арттыру салдары болып табылады.

Екіншіден, сот талқылауларының негізгі көлемі – бұл мәліметтерді алдын ала қарау нәтижелерін бекіту, тергеу және тергеу нәтижелері бойынша қорытындыларды және нарық субъектілерінің жағдайын үстем (монополиялық) деп тану туралы Агенттік бұйрықтарының, қаулыларының заңдылығы туралы әкімшілік соттарда істерді әкімшілік қарау және экономикалық соттардың сот істері. Осыған байланысты, монополияға қарсы заңнама мәселелерімен байланысты бірқатар проблемалар мыналарға байланысты болады:

- сот талқылауларының ұзақ мерзімі (экономикалық соттарда істі мәні бойынша қараудың жол берілетін мерзімі 3 айға дейін, апелляциялық және кассациялық сатыларда шағымдану мерзімі тағы 2 айға дейін, әкімшілік соттарда 1 айға дейін, қайта қарау 1 ай ішінде);

- әкімшілік соттарға жіберілетін сотқа дейінгі рәсімдердің болуы (іс жүргізу қаулысын алу үшін материалдарды қаржы полициясы органдарына жіберу).

Үшіншіден, қазіргі уақытта әкімшілік сипаттағы проблемалар бар, атап айтқанда экономикалық шоғырлануды жүзеге асыруға ниеттенген нарық субъектілері экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы қолдаухатпен монополияға қарсы органға жүгінеді. Бұл ретте, монополияға қарсы орган қолдаухатты алған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде табыс етілген материалдардың толықтығын тексеруге және қолдаухат беруші тұлғаны қолдаухатты қарауға қабылдағаны туралы немесе қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Сондай-ақ өтінішхатты дұрыс ресімдеу мақсатында нарық субъектілерінің қағаз құжаттарының көп санын ұсынуына, оларды нотариалды түрде ресімдеуіне, заң компанияларының қызметіне ақша төлеуіне тура келетінін атап өту қажет. Осыған байланысты, аталған қызметтің автоматтандырылуының болмауынан бар проблемаларды шешу мүмкін болмай отыр.

### **2.3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау**

Әсер етудің негізгі сыртқы факторлар тобына әлемдік экономиканы жаһандандыру, ТМД, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында интеграциялық үрдістерді дамыту жатады. Бұл үрдістердің бәрі трансұлттық бірігулер санының артуымен және трансшекаралық монополистік қызметті кеңейтумен сүйемелденеді.

Монополияға қарсы заңнаманың бұзылу санының төмендеуіне ықпал ететін ішкі факторларға нарыққа қатысушыларды, мемлекеттік органдарды, тұтастай алғанда қоғамды бәсекелестікті қорғау мәселелері жөнінде хабардар етудің тиімді жүйесін жатқызуға болады. Мақсаттар мен міндеттер туралы, бәсекелес саясат шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар туралы мемлекеттік органдар, бизнес өкілдерін хабардар етуді арттыру, сондай-ақ ғылыми қоғамдастықтарды жұмысқа тарту тауар нарықтарында бәсекелес ортаны дамыту бойынша барлық қатысушылардың күш-жігерін

шоғырландыруды және кәсіпкерлік қызметті ынталандыратын жағдай жасауды  
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

### **3. 3-стратегиялық бағыт. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру»**

#### **3.1. Реттелетін салалар мен қызмет аялары дамуының негізгі параметрлері**

Серпінді бәсекелестік нарықтарды дамыту халықтың тұтынушылық сұранысына айтарлықтай әсер етеді және тұтынушылардың құқықтарын мемлекеттік және қоғамдық қорғау жүйелерінің алдына жаңа міндеттер қояды. 2010 жылдың соңында монополияға қарсы орган тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалды. Ол қабылданғанға дейін, тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестіктердің құзыреті ғана болды және біздің отандастарымызда жеткілікті белсенді болған жоқ.

2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы басым бағыттардың бірі ретінде тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруды айқындады, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мен азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттырудың маңызды қыры. Осыған байланысты, Агенттік жұмысының маңызды бағыттарының бірі тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады. Бүгінде Агенттік тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен, қауымдастықтармен (одақтармен) өзара іс-қимыл, мемлекеттік органдардың қызметтерді көрсеткен кезде жүйелі проблемаларды анықтау, тұтынушылардың құқықтарына қысым жасау бөлігінде монополияға қарсы ден қою бойынша белгілі бір жұмыс жүргізді.

Осылайша, 2011 жылы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі үйлестіру кеңесі қалыптастырылды, оның отырыстарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы, тұтынушылық білім және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізудің қажеттігі мәселелері қаралды. Отырыстардың бірінде Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар, қауымдастықтар (одақтар) өкілімен қазақстандық тұтынушыны қолдау және оның құқықтарын қорғау мәселелерінде өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды. Аталған іс-шара тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың) қызметін шоғырландыруға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен, қауымдастықтармен (одақтармен) өзара іс-қимылының келесі қадамы олардың өкілдерінің қатысуымен «қоғамдық қабылдауларды» құру және олардың жұмыс істеуі болып табылды. Енді әрбір тұтынушы, қажет болған жағдайда, жақын жерде орналасқан қоғамдық бірлестікті тандап, бұзылған құқықтарын қорғау үшін жүгіне алады. Бұл ретте, қоғамдық бірлестіктердің қызметі Агенттік әзірлеген тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама қабылданғаннан кейін тиімдірек болады, онда тұтынушылардың

қоғамдық бірлестіктерін қаржыландыру мәселесін көздеу ұсынылады.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңын іске асыру мақсатында қоғамдық бірлестіктер өкілдерін дауларды сот тәртібінен тыс шешу дағдыларына оқыту ұйымдастырылды. Бүгінде 127 жеке тұлға оқудан өтті, оның 58-і Кәсіби медиаторлардың тізілімінде тұр.

Заңнамалық блок пен тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы проблемаларды реттеуге қатысты заңнамаға жүргізілген талдау нәтижелері бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша нормалар заңнамалық деңгейде де, құрылтай құжаттарында да (мемлекеттік органдар туралы ережелер) барлық мемлекеттік органдарда бекітілмегені анықталды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес бірқатар мемлекеттік органдар аталған олқылықты жою бойынша жұмысқа кірісті.

Республика азаматтарының тұтынушылық білімін қамтамасыз ету маңызды факт болып табылады, себебі Қазақстанда кәсіпкерлерде де, тұтынушыларда да құқық қолдану практикасында көптеген проблемаларды туындататын құқықтық хабардарлықтың жалпы төмен деңгейі байқалуда. 2012 жылғы қазанда «Тұтынушы әліппесі» телебағдарламасы жарық көрді. 2012 жылғы тамыздан бастап журнал басып шығарылды және сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде оқу-әдістемелік құралдарды басып шығару жоспарлануда.

Салааралық үйлестіру шеңберінде Агенттік тұтынушылардан келіп түскен өтініштерді қарап және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға жіберуде. Мемлекеттік органдарға, әкімдіктер мен қоғамдық бірлестіктерге соңғы уақытта 6 510 хат келіп түсті. Бұдан басқа, Қазақстан Тұтынушыларының Ұлттық Лигасы «қауырт байланыс желісін» ұйымдастырды, оған 19 612 қоңырау келіп түсті. Шағымдардың ең көп саны тауарлар сапасына (41%) және ұсынылатын қызметтерге (29%) қатысты болатыны анықталды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында азаматтардың наразылықтары 21% - ды құрайды.

Сонымен бірге, монополияға қарсы заңнаманың бұзылу белгілерін байқаған кезде Агенттік тергеу жүргізеді, оларды анықтаған кезде монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдайды. Қазіргі уақытта тұтынушылардан келіп түскен шағымдар (олардың негізінде Агенттік монополияға қарсы тергеулер жүргізеді) әдетте тұтынушылардың құқықтарын бұзатын, оның ішінде көрінеу жалған, жосықсыз жарнама ұсынудан көрінген жосықсыз бәсеке фактілерімен байланысты болады. Жосықсыз бәсеке фактілері бойынша барлығы 2010 жылы 30 тергеу, 2011 жылы 37 тергеу, 2012 жылғы 9 айда 39 тергеу аяқталды.

Тұтынушылардың шағымдарын талдай отырып, мына факт өзіне көңіл аудартады, ведомство әдетте тұтынушылардың құқықтарын тұрақты бұзуға әкелетін бұзушылықтардың және жүйелі проблемалардың алдын алумен емес азаматтардың құқықтарын бұзу салдарларын жоюмен айналысады.

Осылайша, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тұрақты негізде тиісті шаралар қабылдайтын барлық мемлекеттік органдардың, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, бизнес қоғамдастық өкілдерінің басты міндеттері болып табылады.

### **3.2. Негізгі проблемаларды талдау**

Қазіргі уақытта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, туризм және тағы да басқа салаларда ипотекалық және тұтынушылық кредит беру нарықтарының тұтынушылары жеткілікті қорғалмаған болып табылады. Бұл тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жиі әкелетін жүйелі проблемалардың болуымен негізделеді:

1) қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің кәсіпқойлығының төмендігі, құзыретсіздігі, сондай-ақ толеранттылығының болмауы және азаматтарға немқұрайлық а р а у ы ;

2) тұтынушының құқықтарын бұзғаны үшін айыппұл санкцияларының төмен мөлшері, ал жекелеген фактілер бойынша айыппұлдардың болмауы;

3) азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғауда белсенділік танытпауы.

Тұтынушы – өнім беруші қатынасы әлі өркениет сипатын қабылдаған жоқ, бұл алдымен экономикалық саясатты тұтынушылар мүдделерінің негізгі проблемаларымен үйлестірудің болмауымен негізделеді.

Қазіргі уақытта уәкілетті органның әлсіз ұстанымы байқалатынын атап өту керек, бұл заңнамалық түрде айқындалған өкілеттіктердің төмен, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын бөлімшелер санының жеткіліксіз болуымен (қазіргі уақытта 1 штат бірлігі көзделген) негізделеді.

Бұдан басқа, бүгінгі күні республикада тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі 172 қоғамдық бірлестік тіркелген, бұл ретте іс жүзінде шамамен 70 қоғамдық бірлестік жұмыс істейді. Қоғамдық бірлестіктердің «де-юре» мен «де-факто» арасындағы көрсетілген айырмашылығы басты түрде олардың қызметтерін қаржыландырудың болмауымен негізделеді.

Қоғамдық бірлестіктердің жоғары нәтижелерге қол жеткізуінің маңызды шарты оларда өз қызметтерін жүзеге асыру және дамытуға арналған қажетті қаржы қаражаттарының болуы болып табылады. Алайда, қазіргі кездегі қаржыландыру көздері (құрылтайшылардан түсетін түсімдер, ерікті жарналар және қайырымдылық, дивиденттер мен заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер) сотта тұтынушылардың мүдделерін беруде, сондай-ақ дәлелдеу базасын қалыптастырумен байланысты, наразылықтарды жіберу, телефондармен келіссөздер, анықтамалар алу, заңгердің еңбекақысын төлеу, үй-жайды жалға беру және т.б. шығыстарды жаппайды. Сондай-ақ ерікті сипаттағы жарналар мен қайырымдылықтарды ескере отырып, азаматтар көп жағдайда аталған төлемдерді төлемейді не аталған төлемдерді төлеген жағдайда олар символдық сипат алады (200, 500 теңге және т.б.).

Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері азаматтық қоғамның ұйымдасқан

құрылымдық элементі ретінде жалпы құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін едәуір ресурстарға ие. Тәуелсіз тұтынушылар қауымдастығын дамыту үшін олардың құқықтарын кеңейту, осылайша бірлестіктерді қоғамдық қатынастарға пәрменді тарту

етіледі.

### **3.3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау**

Қазақстан Кеңес Одағының құрамында бола тұра, бірінші болып заңнамалық деңгейде тұтынушылардың құқықтарын регламенттеді. Тұтастай алғанда тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың барлық мемлекеттік жүйесі тұтынушылардың құқықтарын қорғау, әртүрлі мемлекеттік құрылымдарға бекітілген мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын іске асырудың үйлестірілген жүйесін құру саласындағы қатынастарды тікелей және жанама реттеу әдістерін үйлестіру қағидаттарымен құрылды. Алайда уақыт өте келе тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық тәжірибесін ескере отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың «өзін-өзі реттейтін» тетігін құру қажеттілігі туындады. Осыған орай, 2010 жылғы мамырда «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

Экономикадағы оң үдерістер тұтынушылар нарығының сапалы номенклатурасын қалыптастыруға жәрдемдесті, халықтың тұтынушылық сұранысын кеңейтуге едәуір ықпал етті және тұтынушылардың құқықтарын мемлекеттік және қоғамдық қорғау жүйесі алдында жана міндеттер қойды. Сондықтан, тұтынушының құқығына әсер ететін факторларға тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуін азайтуға әкеп соғатын, жосықсыз бәсекені, нарық субъектілерінің өзінің үстем (монополиялық) жағдайын теріс пайдалануын, бағалық сөз байласуды жатқызуға болады. Сонымен қатар, өркениетті қоғамды құру үшін оның негізгі бөлігі азаматтардың тұтынушылық құқықтарын қорғау жөніндегі мақсатқа сай бағытталған ақпараттық саясат болуы тиіс құқықтық және ұйымдық қорғаудың толыққанды кешенін құруды болжайды. Өндірушілердің де, тұтынушылардың да құқықтарын құрметтейтін қоғамдық пікірді қалыптастыру азаматтық қоғамның өркендеуіне әкеледі, қоғамда өркениетті моральдық климатты қалыптастырады, бұл өз кезегінде экономиканың өсуіне әкеледі. Осыған байланысты осы жұмыста маңызды орын қоғамдық ұйымдардың және жауапты тұтынуды ынталандырудағы БАҚ-тың рөлі, өркениетті нарықты құру жөнінде БАҚ, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, барлық мүдделі тұлғалардың өзара іс-әрекетінің тиімділігін арттыру сияқты мәселелерде қоғамдық сананы белсендендіруді талдауға бөлінген.

Сыртқы факторларға тұтынушылар нарығын сапасыз және қолдан жасалған тауарлармен толтыру жатады, осының салдарынан өткізілетін тауарлар мен ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігіне тұтынушылардың құқығы камтамасыз етілмейді, адамдардың өмір сүру сапасы нашарлайды. Адал өндірушілер мұндай өнімді өндіру және өткізу мүмкіндігінен айырылады, бұл мемлекеттің





Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін қысқарту	көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	бірлік	-	-	1	1	1	1	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					2011	2012	2013	2014	2015
1. Тауар нарықтарына талдаулар жүргізу					X	X	X	X	X
2. Құзыретті мемлекеттік органдарға бәсекелестікті дамытудағы тосқауылдарды жою бойынша ұсыныстар жіберу					X	X	X	X	X
3. Тауар нарықтарына жүргізілген талдаулар нәтижелері бойынша Агенттіктің ұсыныстарын мемлекеттік органдардың іске асыру (орындау) мониторингі					X	X	X	X	X
4. Монополияға қарсы органның қызметкерлеріне бәсекелестік саясатты іске асыру мәселелері бойынша курстар мен тағылымдамалар өткізу					X	X	X	X	X
